

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1166 қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдай жасау әрі 2003 жылғы желтоқсандағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Демалыс күні 2003 жылғы 13 желтоқсан - сенбіден 2003 жылғы 15 желтоқсан - дүйсенбі күніне ауыстырылсын.

2. Қажетті өнім шығару, қаржылық қызметті қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2003 жылғы 15 желтоқсанда жұмыс жүргізу құқығы берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі